

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Жансая» облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерін алдын-ала жария талқылау мақсатында өткізілген ашық отырыстың**

**№2 хаттамасы**

**Кентау қаласы**

**28.07.2023жыл**

Өткізілген орны: Кентау қаласы, Ш.Уалиханов көшесі 3А ғимаратында.

Өткізілген уақыты: сағ: 12:00, кіші зал.

**Қатысқандар:**

- М.П. Байжуматова., басшының орынбасары, Жұмысшы тобының төрайымы;
- Г. Н. Балабиева., мамандар бөлім инспекторы, комплеанс офицері;
- К.Т. Абиханова., кәсіподақ төрайымы, жұмысшы тобының мүшесі;
- Э. О. Бекназарова., бас бухгалтер м.а, жұмысшы тобының мүшесі;
- Қ. А. Уытов., МСА есепшісі, жұмысшы тобының мүшесі;

**Ашық отырысқа шақырылған:**

- Байқау кеңесінің (наблюдательный совет) мүшесі Ешмуратова Лаззат Наказовна, Кентау қалалық емханасы басшысының орынбасары;
- Кәсіпорын қызметкерлері.

**Күн тәртібінде:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерімен таныстыру;
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелері бойынша жүргізіліп жатқан талдамалық анықтаманы талдау;
3. Түрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

**Бірінші мәселе бойынша** - жұмыс тобының комплеанс офицері Г. Балабиева сөзді алып:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы 410-V ҚРЗ заңының 8 бабы 5 тармағы, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағдаларын бекіту туралы» 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдау жүргізу «Жансая» облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының басшысы Бауыржан Әбдімәлікұлы Әбдімәліктің 14.06.2023 жылғы №79 н/к бұйрығымен бекітілген жұмысшы тобы құрылғандығы жайлы және жұмысшы топ ішкі талдау іс-шара жоспарына сәйкес 23.06.2023- 07.08.2023 жыл күндері аралығында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау жүргізіліп жатқандығын жариялады.

#### **Ішкі талдау төмендегідей бағытта жүзеге асырылуда:**

- 1) Кәсіпорынға бөлінген бюджет қаражатын және мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу бойынша;
- 2) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы, қабылдануы;
- 3) Мүдделер қақтығысын реттеу;
- 4) Бақылау функцияларын іске асыру;

#### **Есептік талдау кезеңі: 2022 жыл - 2023 бірінші жарты жылдығы;**

Қамтылған бағыттар бойынша анықталған кемшіліктер (ескертпелер) жайлы айтып өтіп, ұсыныстарыңыз болса беріңіздер деп сөзін тәмамдады.

**Екінші мәселе бойынша** - Байқау кеңесінің мүшесі Ешмуратова Лаззат Наказовна сөз алып, ішкі талдау бойынша талдамалық анықтамамен танысып, жұмысшы топтың атқарып жатқан жұмыстарын дұрыс бағытта екенін және кәсіпорын қызметкерлеріне өз ойларын, ұсыныстарын ашық айтуға шақырды және жұмысшы топ мүшелеріне келесі сұрақты қойды *«Тексеру барысында қандай да бір жемқорлық фактісі анықталған жағдайда не істейсіздер, бірден құзырлы мекемеге хабар бересіздерме? »*

Бұл сұраққа жұмысшы топ төрайымы М.Байжуматова жауап берді *«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жасалған талдау, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысына қарауға ұсынылады, тиісті ұсынымдар жасалады»*

Кәсіпорынның қаражатын және басқа да енгізілген ережелері мен ұжымдық шарттарының бақылау кеңесімен келісілетінін айтып өтті. Жұмысшы топтың ауысып тұруына ұсыныс берді.

#### **Қорытынды:**



Жұмысшы тобының төрайымы М. Байжуматова отырысты қорытындылай келе қаулы етті:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді жүйелі түрде әрі қарай жалғастыруды қадағалауды комплеанс офицері Г. Балабиева, Қ. Уытовқа жүктеді,
2. Сыбайлас жемқорлық фактілерін болдырмау және алдын алуды әр бөлім меңгерушілеріне тапсырды,
3. Келесі ішкі талдау жүргізу мерзімінде жұмыс тобының құрамына өзгертулер енгізуге бөлім қызметкерлерінен ұсыныс берілуін сұрады,
4. Осы ашық отырыстың хаттамасын кәсіпорынның сайтына, әлеуметтік желідегі парақшаларына жүктеуін тапсырды.

**Жиналыс төрайымы:**



**М.Байжуматова**

**Хатшы:**



**Г. Балабиева**